

ҚР КК-нің 1996 жылғы 28 мамырдағы N 114-П Бұйрығына өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Кеден комитеті 1997 жылғы 26 ақпандағы N 5-П Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 26 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 35. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті төрағасының 2001 жылғы 15 ақпандағы N 51 бұйрығымен. ~V011441

Қазақстан Республикасының Кеден шекарасы арқылы құбырмен жүргізілетін транспортпен және электр берілісі желілерімен өткізілетін тауарларды кедендік ресімдеу мен кедендік бақылаудың тәртібін жетілдіру мақсатында бұйырамын:

Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің 1996 жылғы 28 мамырдағы N 114-П V960180_ Бұйрығымен бекітілген "Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы құбырмен жүргізілетін транспортпен және электр берілісі желілерімен өткізілетін тауарларды кедендік ресімдеу туралы" Нұсқауға өзгерістер мен қосымшалар енгізілсін:

1. 1.5-тармағы төмендегідей редакцияда баяндалсын: "Тауарларды кедендік ресімдеу бұл үшін анықталған жерлерде кеден органының қызметі аймағында жүргізіледі. Өнім қоюға шет ел тұлғасымен (бұдан әрі тиісінше экспортшы немесе импортшы) шарт жасасқан ұйым тауарларды кедендік ресімдеуді тауардың орналасқан жері бойынша аймақта жүргізеді".

2. 1.6-тармағының екінші және үшінші абзацтары біріктірілсін және төмендегідей редакцияда баяндалсын: "Тауарларды өткізу транспорттың бір түрінен көбін (құбырмен жүргізетін темір жол транспорты, құбырмен жүргізетін автомобиль транспортын ж.т.б.) пайдаланатын жағдайда кедендік ресімдеу қызметі аймағында соңғы түріне қайта тиеу жүзеге асырылатын кеден органында жүргізіледі".

3. 2.4-тармағында "Өнім қою ... ішінде ..." сөздерінен соң "... үшін өнім қою ... " сөздері жазылсын.

4. 3.3-тармағының "Д" абзацы алынып тасталынсын.

5. 3.4-тармағы төмендегідей редакцияда баяндалсын: "Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы тауарларды өткізуді тасымалдаушының УКЖД-ның 44 бағанында мәлімдеген мерзімдерінде, алайда үш айдан асырмай жүргізуге болады".

6. 3.7-тармағында толық КЖД ұсыну мерзімі ұзартылсын, бірақ 30 күннен асырылмасын. . . "

7. 5.3-тармағы төмендегідей редакцияда баяндалсын: "КЖД-ның (УКЖД-ның) күші жойылған кезде кедендік ресімдеу үшін кеден алымдарын қайтару жүргізілмейді. Төлеушінің өтініші бойынша сома тауардың келесі топтамаларын кедендік ресімдеу үшін төлемдердің есебіне жатқызылады".

Т ө р а ғ а

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК